

Хаттама 1

Күнi.12.09.2026

Қатысты: 99 ата-ана

Күн тәртібінде:

- 1.Мектептің ішкі ережесі;
- 2.“Мектепке жол” акциясы;
- 3.Педагогикалық-психологиялық қолдау орталығындағы жүргізілетін жұмыстар;
- 4.Ата-аналар комитетінің құрамын бекіту;
- 5.Әр түрлі мәселелер;

Қайырлы күн!«Құрметті ата-аналар мен ұстаздар! Мектептің жобалық қуаты 300 балаға арналғанына қарамастан, қазіргі таңда 782 оқушы білім алуда. Жүктеменің жоғары болуына байланысты мектептегі қауіпсіздік пен ішкі тәртіпті қатаң сақтау — баршамызға ортақ міндетті екені айтылды. Қаржылық жиынтық 40,8 млн теңге. 12,5 млн теңге облыстық білім басқармасынан, 12,0 млн теңге мектептің үнемделген қаражатынан, 3,2 мон теңге өтінім берілген жоспардан бөлінді. Санитарлық жабдық - 2,0млн теңге, қазандық жөндеу - 2,1 млн теңге, түтінсорғыштар - 3,2 млн теңге, қатты отын - 9,0 млн теңге, коворкинг аймағы - 12,0, инклюзия кабинеті - 12,5 млн теңге.

Бірінші мәселе бойынша ДТІЖО А.Каепов тыңдалды. Мектеп әкімшілігі педагогтар мен оқушыларға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру үшін барлық жағдайды жасайды. Сонымен қатар, бұл міндеттердің толық орындалуы мектеп ішкі тәртібіне тікелей байланысты екені айтылды. Оқу процесі бекітілген токсандық кесте бойынша өтеді. Ата-аналардан балалардың сабақтан себепсіз қалмауын және демалыс мерзімдерін қатаң сақтауды сұралды. Құжаттарды уақытылы тапсыру — хатшылық жұмысы мен сыныптарды жасақтаудың басты кепілі. Барлық құжаттар заңды мерзімде қабылданып, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі хабарланды. «Мектептегі тәртіп кодексі оқушылардың қауіпсіздігі мен сапалы білім алуын қамтамасыз етеді. Ұялы телефондар сабақ кезінде толық өшірілуі тиіс екендігі де айтылды. Оверсайз және спорттық киімдер мектеп формасына жатпайды. Ата-аналардан балаларының сырт келбетіне жауапкершілікпен қарауды сұралды.

Екінші мәселе бойынша мектептің әлеметтік педагогы А.Жұмбаева сөз алды. 2026–2027 оқу жылына дайындық кезеңінде мектебімізде әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға көмек көрсету мақсатында бірқатар жұмыстар ұйымдастырылды.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларға мектеп формасы мен оқу құралдарын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсетілді. Ата-аналардан тиісті өтініштер қабылданып, әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттар жинақталды.

Мектептің бірінші кезеңінде 67 оқушыға, екінші кезеңінде 13 оқушыға әлеуметтік көмек берілді. Жалпы 29 отбасы аталған қолдау шараларымен қамтылғандығы айтылды.

Әлеуметтік көмектің мөлшері: бір білім алушыға көрсетілген әлеуметтік көмектің мөлшері – 50 851 теңге. Бөлінген қаражат білім алушыларды жана оқу жылына қажетті мектеп формасы және оқу құралдарымен қамтамасыз етуге бағытталды. 2026 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында республикалық «Балаларға жақсылық сыйла» акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға көмек көрсету жұмыстары жүргізілуде.

Акция барысында мектеп формасымен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету, демеушілерді тарту, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылды.

Демеушілердің қолдауы

«Ақниет» қоры – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 10 оқушыға мектеп сөмкелері мен қажетті кеңсе құралдарын табыстады.

ИП «Риза» (Жаналық Мұхит) – бір білім алушыға толық мектеп киімін алып берді.

«aishashor_kz» дүкені – жалпы құны 50 000 теңге болатын кеңсе тауарларымен жабдықталған 5 дана рюкзак сыйға тартты.

Жеке тұлғалардың қолдауы

Юсупова Аружанның ата-анасы «Мектепке жол» акциясына қолдау көрсетіп, мұқтаж отбасыларға көмек көрсетуге өз үлестерін қосты.

Ата-аналар тарапынан көрсетілген қаржылай көмектің жалпы көлемі 100 000 теңгені құрады.

Ауыл әкімдігінің қолдауы

Тайтөбе ауылының әкімі Ахметов Рүстем Мұратбекұлының қолдауымен демеушілер мен жеке кәсіпкерлердің көмегін үйлестіру жұмыстары жүргізілді.

Жиналған қаражат есебінен мектебіміздің 45 оқушысы қажетті мектеп киімдері және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

Әкімдік пен серіктес кәсіпорындардың көмегі

Әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарына серіктес кәсіпорындар да өз үлестерін қосты:

- «Эко Полигон Астаны» ЖШС – 1 000 000 теңге;
- «Александрит-ИВ» ЖШС – 250 000 теңге;
- «Группа Компаний Ак-Ай» ЖШС – 500 000 теңге.

Бөлінген қаражат білім алушыларды мектеп формасы мен қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етуге бағытталды.

Жалпы, «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға қажетті көмек көрсетіліп, олардың жаңа оқу жылына дайындалуына жағдай жасалды.

Оқушыларға қолдау көрсетіп, игі іске үлес қосқан демеушілерге, ата-аналарға, кәсіпкерлерге және ауыл әкімдігіне алғыс білдіретіндігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбие орынбасары педагог-психолог

Д.Арингазина сөз алды. Бүгінгі педагогикалық кеңес отырысының негізгі мәселелерінің бірі – мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің, яғни ППҚЖ жұмысының ұйымдастырылуы.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басты мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында білім алушыларға жүйелі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуына қолайлы жағдай жасау.

ППҚЖ қызметінің негізгі бағыттарына оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау, жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ кешенді сүйемелдеу жұмыстарын ұйымдастыру жатады.

Бұл жұмыста баланың мүддесін қорғау, әрбір шешімді оқушының игілігіне бағыттау маңызды. Сонымен қатар жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп, диагностикадан бастап түзету-дамыту шараларына дейінгі барлық кезең қамтылуы қажет.

ППҚЖ қызметінде ата-анамен серіктестікке де ерекше көңіл бөлінеді.

Баланың даму траекториясын анықтау және қолдау жұмыстарын ұйымдастыру барысында ата-ананың пікірі ескеріледі. Сонымен қатар бала мен отбасы туралы психологиялық-педагогикалық ақпараттың құпиялылығы сақталуы тиіс.

ППҚЖ құрамына қызмет төрағасы, педагог-психолог, мұғалім-логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог және пән мұғалімдері кіреді. Әр маман өз бағыты бойынша оқушыға қажетті қолдауды ұйымдастырады.

Қызмет мамандарының негізгі міндеттері – баланы зерттеп-тексеру, оның даму картасын жүргізу, жеке даму бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, ата-аналарға кеңес беру және ППҚЖ ұсынымдарын оқу үдерісіне енгізу.

ППҚЖ жұмысы бірнеше кезеңнен тұрады:

бірінші – анықтау және диагностика;

екінші – қажет болған жағдайда ПМПК-ға бағыттау;

үшінші – түзету-дамыту жұмыстары;

төртінші – мониторинг және қорытындылау.

Мониторинг барысында оқушылардың жетістіктері мен даму динамикасы жүйелі түрде талданып отырады.

Қорытындылай келе, ППҚ қызметінің тиімді ұйымдастырылуы – әрбір білім алушының жеке мүмкіндігін ескеріп, сапалы білім алуына, ортаға бейімделуіне және тұлғалық дамуына жағдай жасаудың манызды бөлігі.

Осы мәселе бойынша педагогикалық кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен пікірлерін тыңдауды ұсынылды.

Ата-аналар қамқоршылық кеңесінің жетекшісі: Спанова Меруерт
Ақатайқызы

1. Нұрманова Гүлмира Қайреновна
2. Спанова Сандұғаш Дарбаевна
3. Саккулакова Медина Советқанқызы
4. Жанаева Гүльнар Сахабековна
5. Ақназаровна Гулаим Райсбаевна
6. Ақпекова Анар Темиргалиевна
7. Ақпекова Дамели Дүйсеновна
8. Дарыбаева Қымбат Бейсенбековна

Бесінші мәселе бойынша Кабинова Асия Қолдибекқызы 1 «А» сынып ата-анасы «Мектеп автобусы» бойынша сұрақ қойды. Тұңғышы бірінші сыныпқа барғандығы, үйлері ауылдың шетінде мектепке алғыстау екендігі, соған - апарып әкелетін мектеп автобусы бар жоқтығын сұрады. Мектеп директоры Алиева Г.С жауап берді. Мектептен автобус шығару үшін 3 шакырымнан алыс болу керектігі айтылды. Мектеп пен ауылдың ең алыс нүктесінің радиусы 2,8 шакырымды құрайтындығы айтылды. Дене шынықтыру сабағы туралы да сұрақтар қойылды. Оларға толық жауап алынып, қанағаттанды.

Шешім: 1.Мектептің ішкі ережесі қатаң сақталынсын;

2. «Мектепке жол» акциясы бойынша жасалып жатқан жұмыстар қанағаттанарлық деп табылып, әрі қарай жалғассын;

3. Мектептегі педагогикалық-психологиялық колдау қызметінің жұмысы жалғасын тапсын;

4. Ата-аналар комитетінің құрамы:
Төраға Хуанған Жәнібек;

Мүшелері:

1. Нұрманова Гүлмира Кайрқеновна

2. Спанова Сандұғаш Дарбаевна

3. Саққулакова Медина Советқанқызы

4. Жанаева Гүлнар Сахабековна

5. Акназаровна Гулаим Райсбаевна

6. Акпекова Анар Темиргалиевна

7. Акпекова Дамели Дүйсеновна

8. Дарыбаева Қымбат Бейсенбековна - болып бекітілсін;

5. Ата-анамен мектеп тығыз қатынасын жалғастырысын;

Хатшы:



Ж.Имантаева